


ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯГА КІРІСПЕ



ОКУ КУРАЛЫ

ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯҒА
КІРІСПЕ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
философия және саясаттану факультетінің Ғылым және тәртіптің
шежімімен ұсынылған (№ міндетіне шетте 2021 жыл)*

Пікір жазғандары:

психология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Т. Шерғалиева
психология ғылымдарының кандидаты, доцент Д.К. Көнеғейбаева

Авторлар ұжымы:

Н.К. Токсанбаева (Жалпы психологияға кіріспе),
Н.М. Салықова (Іс-әрекеттің психологиялық теориясы; Психологиялық тұлға мәселесі), А.М. Болтаева (Мотивация), И.К. Аманова (Үйсіз),
К.К. Сайлинова (Ойлау), Н.С. Жұбаназарова (Қабылдау), М.Н. Қуланбаева (Ес),
Б.Б. Аязбаева (Қият), Н.С. Ахтаева (Эмоция және сезім), Ж.С. Сейтіпұр (Ерік),
Э.К. Қалымбетова (Темперамент), А.А. Лисова (Қабілет).

О-78 Жалпы психологияға кіріспе. Оқу құралы / Жауапты ред.
[С.М. Жакыпov]. – Алматы, 2021. – 274 бет.; сур.

Оқу құралы «Жалпы психология» пәнінің оқу бағдарламасына сай-кес жазылған. Сонымен қатар психология ғылымының қазіргі кездегі жетістіктерін есепке ала отырып, басылдыда психикалық процестер, тұтанын эмоциялық-еріктік аймағы және оның жеке қасиеттері туралы мәселелер жан-жақты қарастырылды.

Оқу құралы оқытушылар мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, жалпы психологияға қызығушылық танытушыларға арналған.

ӘОЖ 544
КБЖ 24.5

ААҒЫ СӨЗ

Адамзат қоғамның даму тарихындағы әлеуметтік тұрмысында не? материалдық және рухани екі негізгі жүйеге бөлінеді. Мұнда психолог мамандығының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол өте күрделі және сан қырлы. Психолог мамандығы адамнан ең алдымен терең және жан-жақты ғылыми білімді болуын: мықты ерік-қасиеттерді, адамгершілік пен ұстамдылықты талап етеді. Сондықтан психология өзінің ерекше табиғатында жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді біріктіріп қарастырады.

Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл кітап Мемлекеттік стандарттағы мамандарды даярлау талаптары бойынша «Жалпы психология» курсының оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Авторлардың негізгі мақсаты – психологиялық көзқарастар жүйесін жоғары дәрежеде көрсету емес, бағдарламадағы негізгі сұрақтардың жауаптарын кен көлемде түсінікті әрі нақты жеткізу міндеті.

Біздің оқулық фундаменталды психология болғандықтан, мұнда С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, Б.М. Теплов т.б. сияқты ірі ғылыми мектептер өкілдерінің еңбектері және отандық психологияның қарқынды дамуына себеп болған фило-софия мен гуманитарлық ғалымдар: Н.О. Лоско, С.Л. Франк, Г.Г. Шпет, Н.А. Бердяевтың жұмыстары қарастырылды.

Оқулықтың мазмұны қазіргі психологиялық білім негізіне құрылып, оқу-әдістемелік әдебиеттер стандарттарына сәйкестен жазылды. Әрбір бөлім арнайы тараулардан, ал тараулар параграфтарға бөлініп, бөлімдерінің соңында студенттерге өзіндік жұмыстарына тапсырмаалар мен сұрақтар, ұсынылған әдебиеттер тізімі беріліп отыр.

Авторлардың алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – психология ғылымы мен практикасының қазақ тілінде кең өркен жайып, бұл ғылым саласына арналған қазақша әдебиеттер көптің толықтыру. Сонымен қорыта айтқанда, біздің елімізде, жыл сайын мыңдаған студент психология бөлімінде білім алуда, бұл оқу құралы ең алдымен сол оқырмандарымызға таптырмас үлкен көмек болатынына сенімдіміз!

Нұрғұл ТОКСАНБАЕВА

психология ғылымдарының докторы